

1. «Отражение действительности в живописи как форма взаимосвязи искусства и общества» - Ротмистров В. И. - Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2018. – № 4 (апрель). – 0,5 п. л. – URL: <http://e-kon-sept.ru/2018/185014.htm>.
2. «Всеобщая история искусств. Том 6, книга первая. Искусство 20 века» - под общей редакцией Б.В.Веймарна и Ю.Д.Колпинского – М.: Искусство, 1965 - 932 с.
3. Япония: от А до Я. – под редакцией Перфильева В.О. – М.: – РИП-Холдинг, 2012. - с 214
4. «PAINTING AND SCULPTURE BY MEIJI AND TAISHO, TOKYO NATIONAL MUSEUM» Hisour, URL: [www.hisour.com/painting-and-sculpture-by-meiji-and-taisho-tokyo-national-museum-23538/](http://www.hisour.com/painting-and-sculpture-by-meiji-and-taisho-tokyo-national-museum-23538/)
5. Лебедева О.И. Ёга и нихонга: японская живопись в западном стиле на рубеже XIX и XX веков // Восточная коллекция. - 2015. - № 3 (62):. - С. 21-31
6. Скворцова Е., Луцкий А. Духовная традиция и общественная мысль в Японии XX века – М.: – Санкт-Петербург, 2014. С. 110-128.
7. Лебедева О.И. Искусство Японии на рубеже XIX–XXвеков. – М.: 2016, - С. 18 – 191.

УДК 341.323.6

## **ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ОКИНАВА АРАЛЫНЫҢ СТАТУСЫ**

**Мекемтас Алмас Бақытұлы**  
[mekemtass.almas@gmail.com](mailto:mekemtass.almas@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті,  
Шығыстану кафедрасының 2 курс магистранты,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – ИльясоваК.М.

Окинава (Рюкю) — Кюсю аралынан Тайвань аралына дейін созылып жатқан аралдар тізбегі және Жапонияның әкімшілік бірлігі. Аралдардың саны 161, ал ауданы 2,3 мың км<sup>2</sup>. Өз атауын осы аралдар тізбегінің ішіндегі ең үлкен арал Окинава Хонто-дан алған.

XVII ғ. дейін Окинавадағы Рюкю корольдігі Қытай империясымен вассалдық саудасаттық қарым-қатынаста болған. 1609 ж. жапондық Сацума князьдігі Рюкю корольдігін күшпен жаулап алғаннан кейін, Окинава Жапонияның вассалды тәуелді мемлекетіне айналады. 1872 ж. Окинава өзінің корольдік статусынан айырылып, князьдік деген жаңа статуспен Жапонияның құрамына енеді. 1879 ж. Окиनावаның князьдік статусы жойылып, жапондық мэйдзи үкіметі Окиनावаны префектура деп жариялап, ресми түрде бұл аралдарды Жапонияның құрамына енгізеді. Осы кезден бастап Окинава аралдарында билік еткен Рюкю корольдігі жойылып, бұл аралдар Жапонияның әкімшілік территориясына айналады [1, 96 б.].

1945ж. Окинава аралдары екінші дүнижүзілік соғыс кезінде Тынық мұхит майданындағы ірі шайқас орны болған. Жапондық және американдық әскерлердің шайқасқа түскен Жапонияның жалғыз территориясы болып есептеледі. Окинава аралындағы Жапония және АҚШ әскерлерінің шайқасы 1945 ж. маусым айына дейін жалғасқан.

Екінші дүнижүзілік соғыстың нәтижесінен кейін Жапония өзінің барлық отарлық жолмен басып алған территорияларынан айырылады. Оның негізгі принциптері Каир және Потсдам декларацияларында тұжырымдалған. Каир декларациясында: «Жапонияның 1914 жылдан бері Тынық мұхитында басып алған немесе оккупациялаған аралдарды иемдену құқығынан айыру керек; Жапонияның қытайлықтардан тартып алған Маньчжурия, Формоза және Пескадор аралдары Қытай Республикасына қайтарылу керек. Жапонияның сонымен қатар күшпен басып алған территориялардан қуып шығу керек», - деп бекітілген. Алайда бұл декларацияда Окинава аралдарының статусы туралы сөз қозғалмаан. Сталин бұл

аралдарды Қытайға тиесілі деп есептесе, Чан Кайши Окинаваны ортақ американдық-қытайлық әкімшілік басқару бірлігіне айналдырған дұрыс шешім деп есептеген. АҚШ өз тарапынан Окинава аралдарын Жапонияның ажырамас бөлігі және бұл аралдар күшпен басып алынбаған территория деп есептеген [2, 51 б.].

Жапонияның капитуляциясы туралы нақты шешім Потсдам декларациясында белгіленеді. Ол бойынша: «Каир декларациясының шарттары орындалуы қажет және жапон егемендігін Хонсю, Хоккайдо, Кюсю, Сикоку және біз тағайындайтын басқа кіші аралдармен шектелуі керек», - деп бекітіледі. Яғни бұл құжатта да Окинаваның статусы әлі нақты шешілмеген. «...біз тағайындайтын басқа кіші аралдармен шектелуі керек» деген тұжырымдама Жапонияның капитуляциясынан кейін пайда болуы мүмкін территориялық проблемаларды кейінге қалдыруға мүмкіндік берді.

Жапонияның капитуляциясынан кейін Потсдам декларациясымен белгіленген Жапонияның «негізгі» территориясында АҚШ-тың оккупациялық режимі орнайды, бұл режим Окинава аралдарында да орнайды. Алайда Жапонияның негізгі территориясында американдық әкімшіліктің басқаруымен елді демократизациялауға және демилитаризациялауға бағытталған жүйелі реформалар басталып, экономикалық жағдайдың қалпына келуі және өсу байқалса, Окинавада оккупациялық үкімет қандай да бір белсенді әрекет жасауға асыққан жоқ. Бұл АҚШ-тың Окинаваның болашағы бойынша нақты жоспардың болмауымен түсіндіріледі. Алайда КСРО-мен қарым-қатынастың нашарлауы, Қытайдағы коммунистік күштердің жеңіске жетуі, Корей түбегіндегі соғыс, Оңтүстік-Шығыс Азияда коммунизм идеясының таралуы қауіпі сияқты себептерге байланысты АҚШ Окинаваның геостратегиялық потенциалын мойындап, аралдарды ұзақ уақытқа оккупациялау үшін халықаралық санкциялар алуға тырысты. Осы мақсатпен АҚШ Жапонияны Сан-Франциско бейбіт келісім шартына 3-ші бапты еңгізуге көнуге мәжбүрлейді және осы бап бойынша Окинава аралдарының территориясында (акваториясымен қоса) әкімшілік, заң шығарушы және сот билігін атқару құқығын АҚШ өзі сақтай отырып, аралдар БҰҰ-ның сенімді басқаруына беріледі [3, 108 б.].

1951 ж. 8 қыркүйекте қабылданған Сан-Франциско бейбіт келісім шарты ресми түрде Окинава аралдарының Жапониядан бөлек басқа да мемлекеттердің құрамына кіру мүмкіндігінің бар екендігін білдірді. Дегеніменде сол кездегі АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Джон Фостер Даллес Жапония Окинава аралының егемендігін сақтап қалды деп мәлімдейді [4, 175 б.]. Яғни бұл тұжырымдама Жапонияның болашақта Окинава аралдарын өзіне қайтарып алуға құқығы бар екендігін білдірді.

Аралдарды басқару үшін 1950 ж. *Рюкю аралдарының американдық азаматтық әкімшілігі* құрылады. Шын мәнінде бұл басқару органы әскери әкімшілік болған. Окинаваның жергілікті тұрғындары заң шығарушы жиналысты таңдау құқығына ие болған, сонымен қатар *Рюкю аралдарының үкіметі* деп аталған атқарушы билік органы жұмыс істеген. Алайда бұл органның өкілеттігі американдық билікпен белгеленген [5, 488 б.].

1950 жылдары жапон үкіметі АҚШ тарапына Окинаваны Жапонияға қайтару мәселесін қойған. Жапон үкіметінің бұлай әрекет етуіне 1950 ж. соңында Қауіпсіздік шартының жаңа редакциясының дайындалуы себеп болған. АҚШ пен Жапония альянсы аясында АҚШ Жапонияның тең құқықтық мәселелерін шешуге көнгенімен, Окинаваны Жапонияға қайтару туралы талабын қабылдамады [6, 64 б.].

1960 ж. Қауіпсіздік шартының жаңа редакциясына қол қойылғаннан кейін, Жапониядағы антиамерикандық көңіл-күй басылады. Жаңа шарт Токионың позициясын ескере отырып жасалғанымен, Окинаваның американдық әскери әкімшіліктің бақылауындағы территориясы статусы өзгеріссіз қалды.

Жапон үкіметі АҚШ-пен қарым-қатынасында шиеленіс туғызбауға тырысты. 1961 ж. Жапонияның премьер-министрі Х.Икэда АҚШ-тың президенті Дж. Кеннедимен кездесуінде өзінің алдындағы әріптестері сияқты Окинаваның әкімшілік бақылау құқығын Жапонияға қайтарылуы туралы сөз қозғаған жоқ. Сонымен қоса Икэда кабинеті Окинаваға қаржылай

көмек мөлшерін арттырды, алайда бұл Окинаваны Жапонияға қайтуына еш септігін тигізбеді.

Осы оқиғалардың аясында Окинаваның өзінде наразылық қозғалыстары күшейе түсті және оның негізінде отарлық үстемдіктен босау идеясы жатты. Бұл наразылық қозғалыстары әлемдегі көтеріліп келе жатқан ұлт-азаттық қозғалыстарымен тұспа-тұс келді. БҰҰ-ның бас ассамблеясы отарлық мемлекеттер мен халықтарға тәуелсіздік беру туралы декларациясынан кейін Окинаваның заң шығарушы жиналысы 1962 ж. ақпанда БҰҰ-на Окинава АҚШ-тың отары болып қалады деген мазмұндағы резолюциясын жібереді [7, 614 б.].

Наразылық қозғалыстардың белсенді дамуы АҚШ-тың Окинава бойынша позициясына әсер етті. 1962 ж. наурызда Дж. Кеннеди ресми түрде «Окинава Жапонияның бөлігі болып табылатыны және оның болашақта Жапонияға қайтарылу үміті бар» деп мойындауға мәжбүр болады [8, 65 б.].

1960 ж. ортасында жапон экономикасының қарқынды түрде дамуы мен өзінің әлемдегі орнының нығайуына байланысты АҚШ Жапонияның Азиядағы рөлін басқаша көре бастады. Мемлекет рөлінің өсуімен АҚШ үшін Жапония өте маңызды әріптеске айналды.

АҚШ мемлекеттік департаменті Окинаваны Жапонияға қайтаруынан бас тартуы - АҚШ және оның Азиядағы саясатына қатысты жапондықтардың арасында жағымсыз ой қалыптастыру және Либерал-демократтар партиясының мемлекет ішіндегі позициясына кері әсерін тигізу мүмкіндігінен сескенген. Сонымен қатар АҚШ Жапониямен қайта қосылуыды талап еткен окинавалықтармен де санасуға мәжбүр болады [9, 18 б.].

1960 жылдары Окинавадағы американдық әскери базалардың стратегиялық функциясы да өзгерді. Бұған дейін аралда орналасқан ракеталық арсенал КСРО-ны тежеуші стратегиялық элемент болып табылса, енді сүнгуір қайықтарда орналастырылатын ядролық қарулардың маңыздылығы артты. Нәтижесінде Окинаваның КСРО-ға қарсы ядролық шабуылдың алаңы ретіндегі өзінің маңызын жоғалта бастады. Осы жайттардың пайда болуы Окинаваны қайтару шешімін қабылдауын жеңілдетті.

1964 ж. басталған вьетнам соғысы окинава мәселесінің дамуының жаңа факторына айналады, өйткені Окинава АҚШ-тың Вьетнамдағы әскери операцияларының қамтамасыз етіп отырған маңызды тылдық қолдау базасына айналады. Мысалы, Окинавадағы Наха порты арқылы вьетнам фронтына керек әскери жүктің 75% тасымалданған. Окинаваның рөлінің маңызды болғаны соншалық, 1965 ж. АҚШ-тың тынық мұхиттағы әскери күштерінің қолбасшысы: «Окинавасыз біз Вьетнамдағы соғысты мүлдем жүргізе алмас едік», - деп айтады. Яғни вьетнам соғысы кезінде АҚШ үшін Окинава өті маңызды стратегиялық рөл атқарған [10].

Осы оқиғалардың аясында Вашингтонның аймақтағы әскери саясатына сай келетіндей Окинаваға ерекше статус бере отырып, аралдарды Жапонияның әкімшілік басқаруына беру мүмкіндіктерін қарастырды. 1969 ж. АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздік кеңесі осы мәселені талқылауға салады, нәтижесінде Окинавадағы әскери базаларды қолданудағы еркіндіктен көрі американың ұлттық мүдесі үшін Жапониямен достық қарым-қатынастың маңыздылығы жоғары деген шешімге келеді [9, 18 б.].

1960 жылдардың екінші жартысында АҚШ пен Жапония Окинаваның Жапонияның әкімшілік бақылауына өткеннен кейінгі американдық әскердің аралдағы орналасуының жаңа статусы бойынша жұмыс атқарады. Екі тарап американдық әскери базалардың функциясын және Жапонияның аралдарды өзіне қайтарғаннан кейінгі оның аймақтық қауіпсіздікке қатысты жауапкершілігін талқыға салады.

1969 ж. АҚШ-та билікке Ричард Никсон әкімшілігі келеді. Р.Никсон өзінің сайлау алды науқанында Жапонияға Окинаваны қайтарамыз деп ресми түрде уәде береді. Алайда жаңа әкімшілікке Вьетнамдағы соғысты абыроймен бітіру Окинаваны қайтару мәселесінен маңызды болды. Бұл мәселені шешудегі негізгі кедергі Пентагоның жаһандық стратегиясы үшін маңызды рөл атқарған Окинавада сақталған ядролық және химиялық қарулардың

болуы фактісі болды. Р.Никсон коммунистік Қытай тарапынан пайда болуы мүмкін қауіп-қатерге қарсы тұру мәселесінде Окинаваға аса зор мән берді [11, 35 б.].

1967 ж. Жапония қабылдаған «үш ядросыз принципі» АҚШ-тың ядролық қаруды сақтап қалу және оны төтенше жағдайлар кезінде арал арқылы тасымалдау құқығын өзіне қалдыру позициясымен үйлескен жоқ. Жапон үкіметі аралдарды өзіне қайтарудың ақысы ретінде американдық тараптың шартына көну керек деп санады. Дегеніменде Э.Сато үкіметі Окинаваның ресми қайтарылуы «үш ядросыз принципі»-нен басқа шартта жүруін қалады.

1969 ж. мамырында АҚШ ұлттық қауіпсіздік кеңесінің отырысында Жапонияға қатысты америка саясатының негізгі принциптері тұжырымдалады. Оның ішінде АҚШ-тың 1972 ж. Окинаваға қатысты әкімшілік құқықтарын Жапонияға қайтаруға; аралдарды қайтарғаннан кейін аймақтағы қауіпсіздік саласында американдық тараптың мүдделерін ескере отырып Окинавадағы әскери базаларды қолдануда толық еркіндікті иемденуге; төтенше жағдай болған жағдайда Окинавада ядролық қаруды сақтау және арал аумағы арқылы оны тасымалдау құқығын алу шартын еңгізі отырып, Окинавадан ядролық қаруды шығаруға келісті [7, 619 б.].

Соның нәтижесінде 1971 ж. 17 маусым күні Окинаваны Жапонияға қайтару туралы келісімге қол қойылады. Окинавадан ядролық қару толығымен шығарылғаннан кейін, 1972 ж. 15 мамыр күні Окинава аралдарын Жапонияға қайтару рәсімі өткізіледі. Осыдан кейін Окинава аралдары ресми түрде Жапонияның әкімшілік басқаруына өтеді.

Қорыта келгенде, екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Окинава аралдары АҚШ-тың оккупациялаған территориясына айналады. 30 жылға жуық Окинава аралдарын американдық әскери әкімшілік басқарып келді. Аралдардың статусын белгілеу процесі ұзақ уақытқа созылғанымен де, Окинава ресми түрде Жапонияға қайтарылды. Алайда американдық оккупация соғыстан кейінгі Окинаваның қалпына келуіне зор кесірін тигізді. Окинава аралдары Жапонияның «негізгі жерлерінен» әлеуметтік және экономикалық жағынан күрт артта қалып қойды.

Окинаваның ұзақ уақыт бойы оккупацияда болуы окинавдықтарда өздік идентификациясы мен ұлттық санасында өзгеріс туғызды, сол себепті олар өздерін жапондықтардан этникалық жағынан алшақтау сезінеді, кейін Окинаваның тәуелсіздігіне қатысты наразылық қозғалыстардың көбейуіне алып келді.

АҚШ Окинаваны Жапониядан бөле тұрып, оның ұзақ уақыттағы келешегіне мән бермеді десе болады. АҚШ Окинаваны маңызды әскери-геостратегиялық аймақ қана деп санап келіп, аралдардың статусын белгілеуге асықпады. Сол себепті Окинава аралдары Жапония мен АҚШ қарым-қатынасындағы ең өткір мәселелердің бірі болып есептеледі. Қазірге кезде бұл аралдар Окинава префектурасы деген атпен Жапонияның әкімшілік бірлігі болып саналғанымен де, аралдардағы АҚШ әскери базалары әлі сақталған және жергілікті халық үшін көптеген мәселелер туғызып отыр.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Lie, J. (2001). *Multiethnic Japan*. Cambridge: Harvard University Press.
2. Purves John Michael. *Island of military bases: a contemporary political and economic history of Okinawa*. An electronic book (e-book). Japan, Okinawa-ken Publ., 2001, 203 p. (In Eng.)
3. Баженова Ж. М., Полутов А. В. Окинава в начальный период американской оккупации (1945 — 1952 гг.) // *Россия и АТР*. 2015. № 3. С. 94 — 110.
4. Hara, K. (2007). *Cold War Frontiers in the Asia-Pacific: Divided Territories in the San Francisco System*. London: Routledge.
5. Aldous, C. (2003). *Achieving Reversion: Protest and Authority in Okinawa, 1952—70*. *Modern Asian Studies*, 37 (2), 485—508. DOI: 10.1017/S0026749X03002099.
6. Iokibe, M. (Eds.). (2011). *The Diplomatic History of Postwar Japan*. London: Routledge.

7. Kono, Y. & Simotomai, N. (2015). Japan-Soviet Relations in the Cold War Period (1955—1970) and the Territorial Issue in the Triangle the USSR — The USA — Japan. In: Russo-Japanese Relations in the Format of Parallel History. Moscow: MGIMO-University Pb., p. 591—620.
8. Togo, K. (2005). Japan's Foreign Policy, 1945—2003. The Quest for a Proactive Policy. Leiden, Boston: Brill.
9. Murthy, P.A.N. (1970). Reversion of Okinawa and Japan's Future Defence Posture. China Report, 6 (1), 17—22.
10. Mitchell J. (2015). Battle scars: Okinawa and the Vietnam War. URL: <http://www.japantimes.co.jp/news/2015/03/07/national/history/forgotten-history-okinawa-vietnam-war/#.WNI2fvmLSU1>
11. Ito, G. (2003). Alliance in anxiety: détente and the Sino-American-Japanese triangle. New York: Routledge.

ӘОЖ 32

## ҚЫТАЙ ДЕРЕККӨЗДЕРІНДЕГІ ҚХР-АҚШ САУДА СОҒЫСЫ

**Нарекеш Арнұр Әбутәліпұлы**

[narekesha@gmail.com](mailto:narekesha@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,

Шығыстану кафедрасының 1 курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Азмұханова А.М.

**Кіріспе.** АҚШ президенті Дональд Трамптың Қытай туралы саяси мәлімдемелері 1972 ж. екі елдің дипломатиялық қатынастар орнағаннан бергі арадағы өршіл түзетімнің бастауы болып айқындалады. Соңғы 40 жыл ішінде Қытай мен АҚШ қарым-қатынастарының негізі болған экономикалық өзара әрекеттестік саясаты шарықтау шегіне жетті. Д.Трамп Қытайдың әділ және өзара тиімді экономикалық қатынастарды орнатуын талап етіп, сауда соғысын бастады. Әлемдік сауданың ең үлкен көлемін иеленуді мақсат тұтқан ірі мемлекеттер себепші болғандықтан, бүгінгі сауда соғысы - халықаралық экономикалық қатынастар тарихының ең ауқымдысы.

Пікірталастарды талдау тек ресми ғылыми әдебиетке ғана емес, ғылыми мәлімдемелерге, БАҚ хабарына және сұхбаттарға негізделгенін айта кеткен жөн, себебі: 1) ғылыми әдебиет сауда соғысының шапшаң өзгеріп отыратын үдерісіне көзқарастарды толыққанды жеткізе алмайды; 2) беделді тұлғалар өз пікірлерін ғылыми әдебиетте сирек білдіреді; 3) Қытайда саяси талдаулардың басылымдары өте тапшы, сондықтан тек олардың материалдарын зерттеу арқылы сауда соғысы туралы көзқарастардың толық түсінігіне қол жеткізу біршама қиын.

**Сауда соғысына дейінгі Қытай қоғамының экономикалық мәселелерге қатысты пікірлері мен көзқарастары.** Д.Трампың сайлау кезінде айтылған сөздеріне шолу жасау арқылы бірқатар Қытай ғалымдары Трампың президенттік қызметке кіріскеннен соң туындауы мүмкін экономикалық мәселелер туралы болжамдар жасай алды. 2017 ж. Қытай қоғамында «Сауда соғысы болуы мүмкін бе?» деген пікірталас шықты, бірақ сол кездегі екі елдің тату қарым-қатынастары АҚШ-тың қалыпты бағытынан теріс бұрылуына күмән тудырмады.

2016 ж. желтоқсанында Қытай халық университетінің профессоры Ян Цицин «Трампың сайлануы Қытайға үлкен мәселелер туғызады» мақаласын жариялады. Ол Д.Трампың жеңісі Қытайдың өндіріс секторына ірі мәселелерді алып келетінін жазады, себебі Д.Трамп ерекше стратегияға, тактикалық дағдыларға және жауынгерлік мәнердегі ішкі рухына сүйену арқылы әдеттен тыс әдістермен әрекеттер жасауға қауқарлы. Ян Цицин